

«Аяна» бөбекжай балабақшасы

Бұйрық № 25 н/қ

Шұбар ауылы

09.09.2024ж

«Педагогикалық әдеп
кеңесін құру туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылдың 26 тамыздағы №2- 096/3156- II хатын, 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ «Педагог мәртебесі туралы » Қазақстан Республикасының Заңының 16 бабаын сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру, бңлңм беру ұйымдарында парасаттылық, мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ қызмет әдеп нормаларын сақтау және заңнама бұзушылықтарының алдын алу мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылдың 11 мамырдағы № 190 бұйрығының 2 қосымшасы негізінде ЖШС «Аяна» бөбекжай балабақшасында төмендегі құрамда педагогикалық әдеп кеңесі құрылсын:

1.К.Керимбаева – меңгеруші Кеңес төрайымы

2. Ж.Садыкова – әдіскер кәсіподақ комитетінің төрайымы, мүшесі

3. С.Бедебаева зейнеткер,ұстаз, үшесі

4. У.Умирзокова –тәрбиеші, мүшесі

5.Б.Нұрлыбай – тәрбиеші, мүшесі

6. А.Досмуратова – тәрбиеші мүшесі

7. Г.Абдикаримова – тәрбиеші, хатшы

2. Педагогикалық әдеп кеңесінің хатшысы Г. Абдикаримова тағайындалып,кеңестің іс-қағаздарын жүргізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды әдіскер Ж.Садыковаға жүктелсін.

«Аяна» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі

Бұйрық негізімен таныстым:



К.Керимбаева

Ж.Садыкова

С.Бедебаева

У.Умирзокова

Б.Нұрлыбай

А.Досмуратова .

Г.Абдикаримова



Бекітемін:
«Аяна» бөбекжай балабақшасының
менгерушісі: К.Керимбаева

«Аяна» бөбекжай балабақшасының педагогикалық әдеп кеңесі
отырысының жұмыс жоспары
2024-2025 оқу жылы

№	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы Күн тәртібінде: 1.Педагогикалық этика және кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту 2.Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы мен хатшысын тағайындау 3.Кеңес жұмысының алгоритмі	Қыркүйек 2024ж	Хаттама
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы Күн тәртібінде: 1.Құқықтық және этикалық жағдайларды талқылау 2.Практикалық тренинг. Эмоциялық қолдау көрсету әдістері 3.Педагогтардың пікірлерін тыңдау	Қараша 2024ж	Хаттама
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы Күн тәртібінде: 1.Тәрбиеші мен ата-ана арасындағы диалог әдебі 2.Қиын жағдайларды мысалдармен шешу 3.Әдепті қарым қатынастың артықшылықтарын талқылау	Наурыз 2025ж	Хаттама
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы Күн тәртібінде: 1.Әдеп кеңесінің жұмыс нәтижелерін талқылау 2.Жыл бойы орын алған әдеп бұзушылықтарды талдау 3.Жаңа оқу жылына әдеп кеңесіне ұсыныстар енгізу.	Мамыр 2025ж	Хаттама

«Аяна» бөбекжай балабақшасы

«Педагогикалық әдеп кеңесінің отырысының №1 хаттамасы

Қатысқандар – 12

23.09.2024

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық этика және кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту
2. Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы мен хатшысын тағайындау
3. 3. Кеңес жұмысының алгоритмі

Мақсаты: Педагогикалық этика нормаларын сақтау, мұғалімдердің кәсіби беделін арттыру және ұйым ішінде моральдық –этикалық құндылықтарды нығайту.

Балабақшаның меңгерушісі К.Керимбаева жаңа оқу жылына құрылған Педагогикалық әдеп кеңесін бекіту бойынша жылдық жоспармен таныстырып өтті. Әдеп кеңесінің төрайымы болып балабақша меңгерушісін бір ауыздан ұсынды және хатшысы етіп балабақшаның тәрбиешісі Г.Абдикаримова сайланды. Келесі кезекте әдеп кеңесінің барлық мүшелерімен таныстырып өтті. Әдеп кеңесінің жұмыс жоспарымен төрайым К.Керимбаева баяндады.

Ережелерді құру және бекіту кезеңдері:

Педагогикалық этика туралы негізгі құжаттарды талдау (құқықтық және әдістемелік)

Кеңес мүшелерінің ұсыныстарын жинақтау және талқылау.;

Педагогикалық этика кеңесінің ережесін құру;

Кеңестің мақсаты мен міндеттерін анықтау;

Құрылымын және жұмыс тәртібін бекіту;

Кеңес құзіреттері мен құқықтарын белгілеу;

Шешім қабылдау тәртібін анықтау;

Кеңес мүшелерінің дауыс беру арқылы ережені бекіту;

Құжатты басшылыққа бекітуге ұсыну.

Келесі сөз кезегін әдеп кеңесінің мүшесі А.Досмуратова бастады.

1-қадам. Өз отырыстарында педагогтар мен қаралып отырған мәселеге қатысты бар адамдарды тыңдайды.

2-қадам. Білім беру ұйымынан қажетті құжаттаманы, материалдарды сұратады.

3-қадам. Педагогтардан және қарастырылып отырған мәселеге қатысы ба адамдардан түсініктемелер немесе түсініктемелер алады.

4-қадам. Білім беру ұйымының басшысына педагогикалық әдепті бұзу фактілеріне тексеру жүргізу туралы ұсыныстар енгізеді. Еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық әдепті бұзушылықтардың алдын алу бойынша ұсынымдар әзірлейді.

5-қадам. Білім беру ұйымы басшысының қарауына педагогикалық әдепті бұзғаны үшін жауапкершілік туралы ұсынымдар енгізеді.

6-қадам. Кеңестің ұсынымдарын тиісті түрде қарастырмаған білім беру ұйымының лауазымды тұлғаларын жауапқа тарту үшін құзіретті мемлекеттік органдарға жүгінеді.

7-қадам. Қажет болған жағдайда талаптарды татуластыру бойынша жұмыс жүргізеді.

Кеңес шешімі.

1. Педагогикалық әдеп кеесінің ережесі бекітілсін.
2. Педагогтың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.

Кеңес төрайымы:



К.Керимбаева

Хатшы:

К.Абдикаримова

ЖШС “Аяна” бөбекжай балабақшасы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№2 хаттамасы

Қатысқандар: 12

25 қараша 2024жыл

Күн тәртібінде :

1. Құқықтық және этикалық жағдайларды талқылау.
2. Практикалық тренинг: Эмоциялық қолдау көрсету әдістері.
3. Педагогтер пікірлерін тыңдау

2024-2025 оқу жылының кезекті Әдеп кеңесін ашық деп жариялады.
Қатысушылар тіркелді. Күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қ. Керимбаева
Құқықтық және этикалық жағдайларды талқылады.

Балалардың құқықтары:

Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы заңдар мен халықаралық конвенциялар

(мысалы, Балалар құқықтары жөніндегі Конвенция)

Балабақшадағы балалардың білім алу, денсаулық сақтау, қауіпсіздік құқықтары.

Балалардың жеке өмірін қорғау және ата-аналардың құқықтары мен міндеттері.

Балаларға қатысты құқық бұзушылықтарды болдырмау (дене жазалары, эмоционалдық немесе психологиялық қысым)

Педагогтың құқықтары мен міндеттері :

Педагогтардың кәсіби міндеттері, құқықтық жауапкершілігі.

Құқықтық білімнің маңызы және педагогтің құқықтық сауаттылығы.

Педагогтардың баланың құқықтарын қорғаудағы рөлі.

3.Этикалық жағдайлар балабақшада.

Этика және мораль:

Этикалық нормалар мен моральдық принциптерді түсіну.

Балабақшадағы педагогтың этикалық мінез – құлқы (балаларға деген құрмет, әділдік, кәсіби жауапкершілік)

Баланың тұлғалық дамуына ықпал ету барысында этикалық мәселердің рөлі.

Этикалық қателіктермен оларды болдырмау;

Педагогтың балаға деген қатынасында туындайтын этикалық қиындықтар;

Бала мен ата ана арасындағы қатынас;

Балабақша қызметкерлерінің өз ара қарым -қатынасы және этикалық нормаларды сақтау;

Этикалық мәселелерге шешім қабылдау жолдары;

Құқықтық және этикалық жағдайларды шешу тәсілдері;

Құқықтық және этикалық мәселелерді шешудің практикалық тәсілдері;

Балалабақшада этикалық нормаларды сақтау үшін педагогтердің ұстануы тиіс қағидаттары;

Құқықтық және этикалық мәселелерді шешуде педагогпен әкімшіліктің бірлескен жұмысы;

Дұрыс шешім қабылдау, ашық диалог және дұрыс түсіністік орнату;

Екінші мәселе бойынша әдеп кеңесінің мүшесі У.Умирзокова сөз алып, эмоциялық қолдау дегеніміз – адамның эмоциялық күйін түсіну және оны қолдау мақсатында тиімді әрекеттер жасау;

Балалармен қарым-қатынаста қолдау көрсету әдістері;

Белсенді тыңдау «Құлақ салу және баланың сезімдерін түсіну»

Эмпатия (баланың сезімдерін өзіңнің сезімдерімен салыстыра отырып түсіну);

Қолдау сөздері мен мейірімді тілектер (баланың өзін жақсы сезінуі үшін)

Қиын эмоцияларды қабылдау және қауіпті жағдайға келтіру;

4.Рөлдік ойын

Жұптық жұмыс: Қатысушылар жұпқа бөлініп рөлдік ойындарды орындап көре алады. Әр жұп бір біріне эмпатия көрсету және қолдау көрсету әдістерін қолданады.

Жағдай 1: бір бала мектепке немесе балабақшада қобалжып отыр. Өйткені ол жаңа ортаға үйреніп келе жатыр. Педагог баланың сезімін түсініп қолдау көрсету керек.

Жағдай 2: бала өзін қолайсыз сезініп, ренжіп отыр. Өйткені оның ойы дұрыс шықпаған. Педагог баланың эмоцияларын қабылдап оны қайтарып алуға көмек көрсету қажет.

Қатысушылардың пікірлері: Әр жұп ойыннан кейін басқа қатысушылармен пікір алмасып рөлдік ойынның нәтижелерін талқылайды.

Топтық талқылау

Топтық талқылауда әрбір қатысушы өз тәжірибесі мен пікірін білдіріп, әдіс-тәсілдер туралы ой бөлісті.

Педагогтер өз пікірлерімен бөлісті:

Досмұратова Алима мен өз пікірімді айтсам барлық айтылған мәліметтерге қосыламын. Педагог ол әрқашан ұлы тұлға! Ең бірінші тәрбие балабақшадан бастау алады. Қазіргі таңда интернет желісінде трендтер көптеп қаптап кетті, түрлі әзілдер шығып көңілімізді түсіретін жәйттар өте көп. Мен барлық әріптестерімді әдептілікке шақырамын.

Тәрбиеші Нұрлыбай Бибінұр менің ойымша әрбір педагог өзін қоғамда жұмыста дұрыс ұстаса, мәртебесі биік болып сыйластық арта береді деп ойлаймын.

Кеңес шешімі

- 1.Әр тәрбиешіге педагогикалық әдеп кодексін ұстану бойынша нұсқаулық беру
2. Әр ай сайын әдеп мәселелері бойынша шағын тренингтер өткізу.

Кеңес төрайымы:



Хатшы:

К.Керимбаева

К.Абдикаримова

